

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметінің арасындағы
Ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 мамырдағы N 904

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 4 наурызда Анкарада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметінің арасындағы ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімін белгіленген тәртіппен Түркия тарабына хабарласын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік
Республикасының Үкіметі арасындағы ғылым мен техника
саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі қарай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі ғылымды дамытуда өзара мүдделілікке негізделген екі жақты ғылым мен техникалық ынтымақтастықты дамыту және нығайту мақсатында, ғылыми-техникалық ынтымақтастық екі елдің достық байланыстарын

нығайтудың негізгі жолдарының бірі және маңызды факторы деп есептей отырып,

теңдік, өзара тиімділік, халықаралық құқық принциптеріне негізделген, өзара және технологиялық байланыстарды дамыту үшін құқықтық негіз бен қолайлы жағдайлар жасау тілегін білдіре отырып,

төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар өзара тиімді екі жақты ғылыми және техникалық байланыстарды орнату мен дамытуға белсенді жәрдемдеседі.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар екі елдің тиісті ғылыми мекемелері арқылы жүзеге асырылатын ғылым мен техниканың басым бағыттары бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

3-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мына нысандарда жүзеге асырылады:

- бірлескен ғылыми-зерттеу және техникалық жобаларды келістірілген жұмыс жоспарлары, келісімдері және контракттарына сәйкес орындау;

- ғалымдар мен мамандардың өзара зерттеу жұмыстары үшін іс-сапарлары;

- өзара негізде ғылыми мамандар және сарапшылар алмасулар;

- аспиранттар және стажерлер алмасулар;

- бірлескен ғылыми конференциялар, симпозиумдар және жұмыс семинарларын ұйымдастыру;

- өзара тиімді ғылыми және техникалық ақпарат пен құжаттар алмасу.

Осы Келісім негізінде бірлескен ғылыми-техникалық орталықтар мен ғылыми-зерттеу объектілерін құру;

- екі елдің технологиялық жетістіктерін жәрдемдесу үшін бірлескен көрмелер мен экспозициялар ұйымдастыру және қолдау көрсету;

- бірлескен ғылыми еңбектер әзірлеу және жариялау;

- үшінші елдердің ғылыми ұйымдарымен байланыстарға қол ұшын беру.

4-бап

Ноу-хауды қоса алғанда, ғылыми және зерттеу жұмыстары, ғылыми зерттеулер нәтижесімен, білім, тәжірибе және ақпарат, алмасу осы мақсаттарда жасалатын арнайы келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап

Сарапшылар және ғалымдар делегацияларымен өзара алмасу кезінде, олардың болуына кететін шығындарды қабылдаушы Тарап көтереді. Жолдың екі басының көлік шығындарын жіберуші Тарап төлейді. Күтпеген жағдайлар бола қалса, сарапшылар немесе ғалымдарды дәрігерлік емдеу құнын қабылдаушы Тарап төлейтін болады.

6-бап

Бірлескен зерттеулердің нәтижелерін коммерциялық мақсатта пайдалану, тек қана арнаулы Келісімдерге сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

7-бап

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы және Түрік Республикасының ғылым мен техника жөніндегі кеңесі (TUBITAK), Түрік Республикасының ғылым Академиясы (TUBA) осы Келісімнің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін Уағдаласушы Тараптардың атқарушы органдары болып табылады.

8 - б а п

Уағдаласушы Тараптар әрбір жақтың өздері тағайындаған

өкілдерінен тұратын ғылыми және техникалық ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен комиссия құрады, олар:

өзара мүдделілікке сәйкес бағдарламаларды орындайды және оларды жүзеге асыруға жауапкершілікті алады;

орындаушы - ұйымдар арасындағы тікелей байланыстардың дамытуын үйлестіреді және жәрдемдеседі.

Бірлескен Комиссия өз мәжілістерін екі жылда бір рет кезекпен

екі мемлекет астаналарында өткізеді.

9-бап

Осы Келісім шеңберіндегі барлық іс-қимыл (іс-әрекет) Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің қызмет қолданыстағы заңдары мен нормативті актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты пікір алшақтықтар Уағдаласушы Тараптар арасындағы консультациялар жолымен шешілетін.

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың өзара келісуімен толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың қолданылып жүрген заңдарында көзделген ішкі мемлекеттік процедуралары орындалғаннан кейін және бұл туралы Уағдаласушы Тараптарға хабарланғаннан кейін күшіне енеді.

1 2 - б а п

Осы Келісім бес жылғы мерзімге жасалады және егер Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы осы Келісімнің қолданыс мерзімі біткенге дейін кемінде алты ай бұрын оның қолданысын өзінің тоқтатқысы келетіні туралы жазбаша мәлімдесе, келесі бір жылға өздігінен ұзартылады.

Осы Келісімнің мерзімі аяқталғаннан кейін Уағдаласушы Тараптар осы Келісім қолданыста болған кезінде қабылданған жобаларды жалғастыруға және аяқтауға құқық береді.

Анкара қаласында 1997 жылғы 4 наурызда екі данада әрқайсысы қазақ және түрік тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ